

**Шымкент қаласы білім басқармасының политехникалық колледжі
«Химия-технологиялық» бөлімінің кезекті отырысының**

№14 ХАТТАМАСЫ

**Қатысқандар саны: 12
Өткізілген уақыты: 14.04.2025ж
Өткізілген орны: 119 каб**

Күн тәртібінде:

1. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексін сақтауын бақылау
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, комплаенс қызметі. БҰ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту бойынша жұмысты үйлестіру
3. Жазғы сессияға дайындық барысы мен бітіруші курстың құжаттарын дайындау;

Тыңдалды:

Бөлім меңгерушісі А.Бегжанов сөз алып, күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі талаптарына тоқталып, колледж қызметкерлерінің аталған заң аясында әрекет етуі маңызды екенін атап өтті. Сыбайлас жемқорлық — тек заң бұзушылық емес, сонымен қатар оқу үдерісіне, білім сапасына және оқу орнының беделіне тікелей кері әсер ететін жағымсыз құбылыс. Сондай-ақ, корпоративтік Әдеп кодексінің талаптары мен принциптері талқыланды. Бұл кодекс оқытушылардың кәсіби қызметіндегі этикалық нормаларды нақтылап, ішкі тәртіп пен моральдық жауапкершілікті қамтамасыз етеді.

Барлық қызметкерлерге Әдеп кодексімен танысу, оны қатаң сақтау, сонымен қатар студенттер арасында да әділеттілік, ашықтық және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қағидаларын насихаттау тапсырылды. Қызмет барысында туындауы мүмкін ықтимал заң бұзушылықтардың алдын алу үшін ішкі тәртіп пен бақылау жүйесін күшейту, кез келген күмәнді жағдайларда бөлім меңгерушісіне немесе колледж әкімшілігіне жүгіну қажеттігі ескертілді.

Сонымен қатар, Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында бөлім бойынша комплаенс құрамының мүшесі Б.Шерипбековтың бекітілгенін айтты. Өз кезегінде Б.Шерипбеков сөз алып колледжде арнайы Комплаенс

қызметі бірнеше уақыттан бері жұмыс атқарып келе жатқанын тілге тиек ете келе, Колледж ішінде түрлі себептермен кез-келген мерекелік іс – шараларға, мекемеге қажетті кеңсе заттарымен шаршауашылық заттарын сатып алу және тағы басқа мақсатта ата – аналардан, ата – аналар комитеті атынан сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мәселесіне қатаң түрде тиым салынуы жөнінде түсіндіру жұмыстарын жасады.

Оқу кестесіне сәйкес III курстың жазғы сессиясын жақындап келе жатқандығын еске салып, оған дайындық барысы мен бітіруші топтардың қорытынды бағаларының мәліметтер жинағын, кадр бөліміне өткізілетін құжаттарды жинақтауды топ жетекшілеріне тапсырды.

Қаулы:

1. Барлық қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен Әдеп кодексі талаптарын қатаң сақтауға міндеттелсін.
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бойынша топтармен, ата-аналармен жұмыс жүргізілсін
3. Жазғы сессияға дайындық барысы пысықталсын. Бітіруші курстардың құжаттары дайындалып уақытылы тапсырылсын.

Бөлім меңгерушісі



А.Бегжанов

**Бөлім бойынша комплаенс
құрамының мүшесі**












Б.Шерипбеков

Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі»

«Химия-технология» бөлімі

«Химия-технология» бөлім жиналысының

№ 14 хаттамасының қаулысымен танысқандығы туралы

№	Оқытушының аты-жөні	Танысқандығы туралы
1.	Досыбаев Нариман Құралбайұлы	
2.	Шерипбеков Бекжан Мухтарович	
3.	Ткачев Кирилл Игоревич	
4.	Мергенбаева Перизат Таукеловна	
5.	Жайкбаева Эльвира Тулменовна	
6.	Магзумова Фаина Габдулловна	
7.	Тайшева Шарбану Тойшибековна	
8.	Турисбекова Гульмира Абдукадыровна	
9.	Оразова Лязат Балтакараевна	
10.	Алжанова Гульмира Кильшбековна	
11.	Наушабаева Лайла Аманбековна	
12.	Тулєпова Жансая Акжигитовна	
13.	Орынбасар Мақпал Сапарбайқызы	
14.	Шертай Аяулым Болысбекқызы	
15.	Елшібай Гаухар Архабайқызы	

Бөлім меңгерушісі



А.А.Бегжанов

